

Созақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 243 "Созақ ауданы Шолаққорған ауылы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 82 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 сәуірде № 4045 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 243 "Созақ ауданы Шолаққорған ауылы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3129 болып тіркелген, 2015 жылы 13 мамырдағы "Созақ үні" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Г.Момбекова

Б.Байғараев